

Мектептің ашылу тарихына тоқталатын болсақ, Таран ауданының Таран селолық округінде қазақ мектебі алғашқы рет өз есігін 2001 жылдың 1 қыркүйек күні «Таран қазақ орта мектебі» мемлекеттік мекемесі ретінде ашылды.

Жеке мектеп ашылмай тұрғанда, 1997 жылдан бастап мемлекеттік тілде оқитын сыныптар Б.Майлин атындағы Таран орта мектебінің құрамында болды.

«Таран қазақ орта мектебі» мемлекеттік мекемесі Таран ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 16 маусымындағы № 93 қаулысымен заңды тұлға ретінде құрылды.

Мектеп «Б.Майлин атындағы Таран орта мектебінің» 2 қабатты бейімделген ғимаратының бір бөлігінде орналасты, сол ғимаратта оқу үрдісінде қажетті бөлмелер мен оқу кабинеттері болмады, яғни спорт зал мен акт залы, асхана, шеберханалар, және де оқу кабинеттері санитарлық нормаларға сай келмеді.

Мектеп өзінің алғашқы түлектерін 2002 жылы шығарды. Бейімделген ескі ғимаратта мектеп 11 рет түлектерін шығарып салды. Түлектер саны - 117.

Еліміздің тәуелсіздік алғанына 20 жыл мерейтойының қарсаңында, 2011 жылдың шілде айында, жаңа мектептің ірге тасы қаланды. 2012 жылдың тамыз айында мектеп ғимаратының салынуы аяқталды. 2012 жылдың 1 қыркүйек күні салтанатты түрде Таран ауданында мемлекеттік тілде оқытатын алғашқы жаңа мектеп ғимараты қолданысқа берілді.

Таран ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 наурыздағы № 130 қаулысымен «Таран қазақ орта мектебі» мемлекеттік мекемесі «Таран ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің №1 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ретінде қайта аталды, Таран ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы №31 қаулысымен мектеп атауы қайта өзгертілді «Таран ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Сапар Ерғалиев атындағы орта мектебі» КММ деп. Қостанай облысы әкімдігінің 2021 жылғы 05 қаңтардағы №6 қаулысымен мектеп атауы

– Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің Сапар Ерғалиев атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ деп өзгертілді.